

**"Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 29 маусымдағы N 645 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 13 ақпандағы N 101 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 29 маусымдағы N 645 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

**Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 29 маусымдағы N 645 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

**Қ А У Л Ы      Е Т Е М І Н      :**

1. "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағын құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 29 маусымдағы N 645 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2001 ж., N 22, 270-құжат; 2005 ж., N 11, 100-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

кіріспедегі "Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы" заң күші бар 1996 жылғы 26 қаңтардағы N 2823 Жарлығына" деген сөздер "Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 26 қаңтардағы Заңына" деген сөздермен ауыстырылсын;

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағы туралы ережеде:

кіріспедегі, 3-тармақтың бірінші абзацындағы, 13-тармақтағы "Қазақстан Республикасы Президенті "Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы" заң күші бар 1996 жылғы 26 қаңтардағы N 2823 Жарлығына", "Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы" заң күші бар 1996 жылғы 26 қаңтардағы N 2823 Жарлығымен", "Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы" заң күші бар 1996 жылғы 26 қаңтардағы N 2823 Жарлығында" деген сөздер тиісінше "Қазақстан

Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 26 қаңтардағы Заңына", "Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 26 қаңтардағы Заңымен", "Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 26 қаңтардағы Заңында" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

1-тармақтың екінші абзацындағы "1566,3" деген цифрлар "4842,3" деген цифрлармен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. АЭА аумағы Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес еркін кеден аймағының кедендік режимі қолданылатын Қазақстан Республикасының кедендік аумағының бір бөлігі болып табылады. АЭА-ның шекарасы оның периметрі бойынша арнайы қоршаумен жабдықталады. АЭА-ның периметрлері Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы болып табылады.";

мынадай мазмұндағы 9-1, 9-2-тармақтармен толықтырылсын:

"9-1. АЭА құру мақсатына қол жеткізу үшін қажетті тауарлардың тізбесі:

1) АЭА аумағында салынатын объектілердің құрылысын қамтамасыз ету үшін қажетті машиналар, тетіктер мен жабдық;

2) жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес объектілерді АЭА аумағында салу және пайдалануға беру үшін қажетті машиналар мен жабдық, тауарлар мен материалдар.

9-2. АЭА аумағында еркін кеден аймағының кедендік режиміне орналастырылған тауарлармен :

1) тауарларды сақтауды қамтамасыз ету;

2) тауарларды тасымалдауға дайындау (легін бөлшектеу, сұрыптау, тиеу, түсіру, қайта тиеу) және тауарлар мен көлік құралдарын оңтайлы орналастыру және құрылыс үдерісінде тұтыну мақсатында бөлінген құрылыс учаскелері шегінде орналастыру (кеден органының рұқсатымен);

3) ғимараттар, құрылыстар мен құрылымдар салу кезінде құрылыс өндірісі технологиясының талаптарын орындау жөнінде операциялар жасауға рұқсат беріледі.";

10-тармақтағы "бақылау" деген сөзден кейін "Қазақстан Республикасының" деген сөздермен толықтырылсын;

"Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағы туралы ережеге жоспар осы Жарлыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Астана, Ақорда, 2007 жылғы

N \_\_\_\_\_

**Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 29 маусымдағы  
N 645 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

**Қ А У Л Ы            Е Т Е М І Н            :**

1. Қазақстан Республикасы Президентінің "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағын құру туралы" 2001 жылғы 29 маусымдағы N 645 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2001 ж., N 22, 270-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының арнайы экономикалық аймақтар туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 26 қаңтардағы N 2823 Заңына сәйкес";

жоғарыда көрсетілген Жарлықпен бекітілген "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағы туралы ережеде:

кіріспеде, 3-тармақтың бірінші абзацындағы, 13-тармақтағы "Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы" 1996 жылғы 26 қаңтардағы N 2823 заң күші бар Жарлығымен" деген сөздер "Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 26 қаңтардағы N 2823 Заңымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақтың екінші абзацындағы "1566,3" деген сандар "4842,3" деген сандармен ауыстырылсын;

"Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағы туралы ережеге арналған жоспар осы Жарлыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

9-тармақ мынадай мазмұндағы 9-1, 9-2-тармақшалармен толықтырылсын:

"9-1. "Астана - жаңа қала" АЭА аумағында еркін кедендік аймақ кедендік режимінде мынадай:

1) құрылысқа арналған машиналар мен жабдық үшін;  
2) АЭА аумағында құрылыс процесінде толық қолданылатын тауарлар үшін;  
3) жобалық-сметалық құжаттама негізінде жасалған материалдар қажеттілігі ведомісіне сәйкес объектілерді салу және пайдалануға енгізу үшін қажетті тауарлар мен жабдық үшін ғимараттарды орналастыруға рұқсат беріледі.";

"9-2. "Астана - жаңа қала" АЭА аумағында: операциялар жасауға рұқсат етіледі:

1) тауарларды сақтауды қамтамасыз ету жөнінде;  
2) тауарларды тасымалдауға дайындау бойынша: партияларды бөлшектеу, сұрыптау, тиеу, түсіру, қайта тиеу, сондай-ақ құрылыс процесінде тауарлар мен көлік құралдарын тиімді орналастыру және тұтыну мақсатында құрылыс салуға бөлінген учаскелер шегінде олардың орнын ауыстыру (кеден органының рұқсатымен) жөнінде;  
3) ғимараттар мен құрылыстар салу негізінде құрылыс өндірісі технологиясының

талаптарын орындау жөнінде операциялар жасауға рұқсат беріледі.";  
10-тармақ "бақылау" деген сөзден кейін "Қазақстан Республикасының" деген  
сөздермен толықтырылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

Қазақстан Республикасы Президентінің  
2007 жылғы \_\_\_\_\_ N \_\_\_\_\_

**Жарлығына қосымша**

Қазақстан Республикасы Президентінің  
2001 жылғы 29 маусымдағы N 645  
Жарлығымен бекітілген "Астана-жаңа қала"  
арнайы экономикалық аймағы туралы"  
ережеге жоспар

**(Суретін қағаздағы мәтіннен қараңыз)**